

МӘШХҮР ЖҮСІП ПОЭТИКАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫМЕН ӘДЕБИ БАЙЛАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аяулым ЕРЛАНОВА *

Түйіндемe: Мақалада қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы әдебиетінің көрнекті өкілі, фольклор жинаушы, ақын, діни-ағартушы Мәшхүр Жүсіп Көпеевтің поэтикасы түркі халықтарының әдебиетімен әдеби байланыс, тақырыптық-жанрлық ерекшелігі, мазмұн тұрғысынан салыстыра талданады. Мақаланың мақсаты – Мәшхүр Жүсіп поэтикасының ауқымының кеңдігін, өзіндік даралығын таныту үшін түркі халықтарының мұрасымен байланыста қарастыру. Ақын шығармашылығында шығыстық сарын мәселесі зерттелініп, диссертация, монография деңгейінде дәлелденді. Қазақ жазба әдебиетінің араб әдебиетімен байланысын дін тақырыбы тұрғысында, діни ағартушылық бағытта, поэзия жанрында дамыта түскен ақынның шығармашылығын түркі халықтары әдебиетімен де байланыста қарастырылады. Әсіресе тақырып үндестігі тұрғысында татар халықтарымен ұқсастығы талданады. Осы тұстан жұмыстың өзектілігі көрінеді.

Талдау барысында XX ғасыр басындағы қазақ және татар халықтарының арасындағы әдеби байланыс мәселесі кітаптану, газет журнал шығару істері бойынша қарастырылады. Сондай-ақ ғылыми жұмысымызға арқау болып отырған Мәшхүр Жүсіп Көпеевтің осы мәселеге қосқан үлесі, жарық көрген кітаптары мен мақалалары талданады.

Жұмыстың ғылыми, практикалық маңызы ретінде «Мәшхұртану» курстарында, XIX ғасырдың соңы және XX ғасыр басындағы әдебиет, өлке тану әдебиетінде қолдануға болады.

Кілт сөздер: поэтика, әдеби байланыс, жанр, даралық, әдебиет

The Poetics of Mashkhur Zhussip and the Problems of Literary Relations with the Turkic Peoples

Abstract: The article analyzes the poetics of Mashkhur Zhussip Kopeyev, an outstanding representative of Kazakh literature of the first decades of the twentieth century, folklorist, poet, religious educator in terms literary connection with the literature of the Turkic peoples, thematic and genre specificity, content, artistic specificity. The aim of the article is to consider the breadth and originality of Mashkhur Zhussip's poetics in relation to the heritage of the Turkic peoples. The influence of oriental literature on the poet's work was investigated at the levels of dissertations and monographs. The connection of Kazakh written literature with Arabic should be considered in the context of the theme of religion, in the genre of poetry of religious enlightenment, as well as in connection with the literature of the Turkic peoples. Especially with the reference to the consonance of themes, the similarity with the Tatar peoples is analyzed.

In the course of the analysis, the problem of literary relations between the Kazakh and Tatar peoples of the early twentieth century in book studies and the publication of newspaper magazines is considered. The contribution of Mashkhur Zhussip Kopeyev to this problem, published books and articles that underlie our scientific work will also be analyzed.

It is important to highlight that the research has scientific and practical significance. The results of the research can be used in the courses «Mashkhurtanu», literature lessons, local history of the early twentieth century and in general on the theory of literature.

Key Words: Poetics, literary connection, genre, individuality, literature.

Кіріспе

Әдеби байланыс кез келген ұлттың әдебиетінде орын алатын маңызды ұғымдардың бірі. Қазақ әдебиеті өзінің даму барысында батыс және шығыс әдебиеттерімен де тығыз дамыды. Қазақ түркі халықтарының әдебиетінің түп негізін бір арнада тоғыстыратын тектің түрі – поэзия. XV ғасырға дейінгі тарихи жәдігерлеріміздің, көркемдік дүниетаным арналар ортақ саналады. Туыс халықтар этногенезімен сабақтасатын поэзиялық жанрдың түріктік дүниетанымындағы жыр атаулының бәрі, әдебиеттің кейінгі даму эволюциясының ішкі көркемдік тұтастығын сақтауда маңызды роль атқарады.

Тарих орын алып жатқан оқиғалар әрбір кезеңнің әдебиетіне әсер етпей қоймайды. Бұл ұлттар арасындағы байланыстың нығаюына, әдеби байланыстың, мәдениеттің бірлестікте дамуына көп септігін тигізді. Бұл үдеріс қазақ әдебиетінде де көрініс тапты.

Әдебиеттердің байланысу мүмкіндігі, бір бірімен жақындасуы олардың даму заңдылығының сәйкестігіне, шындықты бейнелі көркемдеу тәсілдерінің ортақтығына

* «Филология» мамандығының докторанты, Торайғыров университеті, КеАҚ, ayaulym_erlankyzy@mail.ru

негізделеді. Өзара байланыс, рухани құндылықтардың алмасуы, тарих ұқсастығы осылардың бәрі әдебиеттің жаңа кезеңге көтерілуін, өсуін, дамуын бағалау мен сараптауға негіз болады. Ал әдебиеттің деңгейі жоғары болған сайын оның басқа ұлттың көркем өнерімен, әдебиетімен қатынасының ұлғаюына себеп болады. Бұл туралы В.М.Жирмунский «Халық неғұрлым мәдениетті болған сайын, соғұрлым оның басқа халықтармен байланысы мен өзара қатынасы қарқынды болмақ» дейді (Жирмунский, 1979).

Сондай-ақ әдеби байланыс түрлі халықтар мәдениетінің дамуына, жақындасуына, қарым қатынастың нығайып дамуына да әсер етеді. Осы ретте шығыстанушы ғалым Н.И.Конрадтың «Ұлттық әдебиеттің өркен жаюы мен даму факторларының бірі – өзге халықтардың әдебиетімен өзара қарым-қатынаста, байланыста болу. Кез келген әдебиетте екі компоненттің болатыны белгілі. Бірі – сол елдің өзінде дүниеге келген төл туындылар, екіншісі – басқа елдерден енген кірме шығармалар» деп әдеби-мәдени байланыстарға теориялық пікірін білдіреді (Конрад, 1972: 290) деген пікірімен сөзімізді растағымыз келеді. Осы жерден осындай дүниелердің негізінде әдеби байланыс рөлінің ерекшелігін көреміз. Бір елдің әдеби туындысының аудармасымен танысу арқылы не болмаса түпнұсқасында сол ұлттың тілінде оқу арқылы және олардың аудармалары арқылы қанығуынан немесе бір халық жазушысының шығармаларының мазмұны мен мотивтерін басқа елдің жазушысының өзінше қабылдауынан пайымдауға болатындығымен тұжырымдайды.

Осы үрдістен қазақ әдебиетінің ақын жазушылары да қалыс қалмады десек болады. Әлемге әйгілі болған Абайдың шығармашылығынан да көршілес орыс әдебиетімен ғана емес, Еуропа елдерінің әдебиетімен, нақтырақ айтсақ, Байронмен, Гетемен үндестігін байқай аламыз. Бұл қазақ әдебиетінің басқа халықтар әдебиетімен байланысын дәлелдей түсетіндей. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихында әдеби байланыстың дамуына үлес қосқан тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Негізгі Бөлім

Мәшһүр Жүсіп әр әдебиет майталмандарына тән қасиетпен өмір сүрген кезеңнің бүкіл басты әрі өзекті сұрақтарын, қоғамда болып жатқан келеңсіз жайттарды, халқының тұрмысын, болмысын өз туындыларында уытты да бай тілмен жеткізе білді. Кез келген шығармасын алып қарасақ өткен дәуірдің жаңғырығы іспеттес. Діни-ағартушылық өлеңдері – осы айтылғандардың бір дәлелі. Сонымен қатар халқын бостандыққа, егемендікке үгіттеген өлеңдерінен замана үнін ести аламыз. Үгітке, насихатқа толы өлеңдерінің астарынан қарапайым халықты оқу мен білімге, өнерге қарай бағыттағанын аңғарамыз.

Діни-ағартушылық бағыттағы өлеңдер жазуының бір себебі ақынның ескі мұсылманша сауат ашуы болуы мүмкін. XX ғасырдың бас кезеңіндегі әдебиетте Мәшһүрден басқа тағы біршама ақындар осы бағытта қалам тербеді. Бұл да түркі халықтары әдебиетінің арасындағы бағыт, тақырып жағынан ұқсастықты көрсете алады.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы кең арналы. Тақырып, жанр, стиль жағынан алып қарасақ та ақын шығармашылығы әдебиетте өзіндік ерекшелігімен дараланады. Өзінің шығармашылық жолында ол әдебиеттің барлық жанрында еңбек етті. Салмақты да сүбелі еңбектер тудырды. Проза, поэзия жанрында қалам тербеген ақынның өлеңдерінің өзі дидактикалық, деректі, тұспалдау, жұмбақ, мадақ, төрттағандар (рубай), арнау, жоқтау, табиғат лирикасы деп бөлінсе, діни дастандары мен газет беттерінде жарық көрген мақалалары, әңгімелері сол кезде әдебиетте жанрлардың өркендеуіне, өзіндік қолтаңбасын негіздеуге, көркемдік даралығын саралауға мол үлесін тигізгені ғылыми зерттеулерден белгілі. Ақынның ақындық, суреткерлік тұлғасы бірден туып, ақ уақыт ішінде қалыптаса қойған жоқ. Оның талантына түрткі болған, шығармашылығына нәр берген мол бастаулар болды. Бұл бастаулардың қатарына ақынның сауат ашқан

мектебін, діни сауатын, шығыс әдебиетімен сусындап өскенін және қоғамда, тарихта орын алып жатқан өзгерістерді дұрыс қабылдауын, өзіне дейінгі тұлғалардың шығармашылығымен үндестігін жатқыза аламыз.

Жалпы XX ғасырдың басында қазақ әдебиеті қарқынды дамыды. Қысқа мерзімнің ішінде қиын белестерден өтіп, сан алуан таланттарды дүниеге әкелді. Әдебиет өкілдері Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырды, дамытты, байытты, халықты жаңалыққа, прогреске шақыратын бүкіл азаматтық сарындарды күшейтті, көркем сөз қорын, поэзия, проза, публицистика, драматургия туындыларын молайтты. Бұл кездегі әдебиет тез дамумен қатар, басқа ұлттардың әдебиетімен байланысын күшейтіп, жанр, мазмұн, түр жағынан толыға түсті. Мәселен, көршілес шығыс елдерімен, орыс әдебиетімен, сонау батыс еуропа халықтарының мұрасымен өзара байланыстарын күшейтін, нығая түсті.

Бұл әдеби байланысты бір дәуірде тарих сахнасына шыққан түркі халықтарының әдебиетінен және төл әдебиетіміздің тұлғаларының шығармаларынан байқай аламыз. Атап айтқанда, екі ғасыр тоғысында өмір сүрген әдебиеттің көрнекті өкілдері Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Шәді, Сұлтанмахмұт, Мақыш Қалтайұлы, Мағжан Жұмабаев т.б. шығармашылықтарына араб парсы, тәжік, өзбек әдебиетінің ғана емес, басқа халық әдебиетінің ықпал еткенін ғылыми зерттеулерден аңғарамыз. Мәселен, татар әдебиетін мәдениетпен байланысын Ғұмар Қараш, Мәшһүр Жүсіп, Мақыш Қалтаевтардың Қазан, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларынан кітап шығару істерінен көруге болады. Түркі халықтарының арасындағы өзара қарым-қатынасты барлық қырлардан көруге болады. Газет басып шығару, кітаптану істері де XX ғасыр басындағы кезеңде кең таралған шаралар болды.

Жалпы алғанда, татар мәдениеті Ресей империясына қарасты көптеген түрік тұқымдас халықтардың арасында озып болды. Олар батыс пен шығыстың озық үлгідегі мәдениетін Ресей арқылы өз бойына сіңіріп қана қоймай, оны көршілес басқа түркі халықтарымен де бөлісіп отырды.

Қазақ пен татар халықтарының арасындағы үндестік, тарихи байланыс сонау ерте замандардан бастау алады. Алдымен екі ұлттың шыққан тегі бір, біздің дәуіріміздің алғашқы кезеңдерінде ақ тарихта белгілі болып, аты шыға бастаған көне түркі тайпаларынан бастау алады. Екіншіден көп жылдар бойы Түрік қағанатының, кейін Дешті қыпшақ одағының, соңында Алтын орда хандығының құрамына кіріп, бірге бір мемлекеттің астында өмір сүруі екі халықты тағы да байланыстыра түседі. Екі халықтың арасындағы әдеби байланыстың алғашқы көріністері осы кезден бастау алады десек те болады. Үшіншіден, екі ұлт жеке жеке халық болып қалыптасып, басқа одақтардың құрамына кіре бастады. Төртіншіден, қоныстанған мекендері жағынан көп ғасырлар бойы көршілес болып, іргелес өмір сүріп келеді (Еділ, Жайық өзендері, Орал, Алтай таулары).

XX ғасыр басында түркі халықтарының әдеби байланыстары біршама игеріле бастады. Профессор С.Н.Сүтжанов XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ түркі рухани алмасуларын негізінде шығармашылық үндестігінің нәтижесін келесі формалар арқылы толысты деп қарайды: 1) аударма өнерінің тарих сахнасына шығып, белең алуы; 2) ақын жазушылардың арасында өзара қарым қатынастардың орнауы; 3) әлем әдебиетіндегі тақырып кеңдігі, образдардың жасалуындағы ерекшеліктерді үлгі ретінде алып өз тәжірибелерінде қолдану (Сүтжанов, 2013, 60).

Осы кезең әдебиетінде түркі халықтарының арасында кітап бастыру ісі қарқын ала бастады. Бұған қоғамдық-әлеуметтік жағдай себеп болды. Баспасөздің пайда болуы, кітаптану ісінің мазмұны, халықтың мәдениеті, тарихы туралы айту гуманизм мен мәдениеттің көрсеткіші болып табылады. Түркі халықтарының арасында татарлар бірінші болып кітап басумен айналысты. Сондай ақ татар қайраткерлері қазақ, өзбек,

қырғыз, ұйғыр және т.б. түркі халықтарына ұлттық кітап бастыру ісінде көмек қолын ұсынды.

Алайда татарларға ұзақ уақыт өз басылымдары мен жеке баспаханаларын ашуға мүмкіндік тумады. Тек 1800 жылы Қазанда Г.Бурашев өз қаражатына жеке ашуға рұқсат алды. Бұлардан басқа көпшілік оқырманға танымал болған Хұсайыновтар, Каримовтар баспаханалары да болды. Ол баспаханалардан қазақ әдебиетінің көптеген Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Спандияр Көбеев сынды көрнекі өкілдері кітаптарын басып шығару мүмкіндігіне ие болды. Солардың бірі біздің жұмысызға арқау болып отырған Мәшһүр Жүсіп Көпеев еді. Ақынның өмір сүрген дәуірден сыр шертетін танымал үш кітабы «Хал ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген тамашамыз» және «Сарыарқа» туындылары 1905 жылы болған оқиғаның негізінде жазылған еді. Бұл кітаптары Қазан қаласында 1907 жылы шықты. Бұл еңбектерде Мәшһүр Жүсіптің әжептәуір күрмеуі қиын мәселелерді қате түсінгені байқалады. Бірақ сауатты, көзі ашық ақын көршілес мемлекеттің жүргізген саясатынан хабары мол және отарлау саясатына қарсы екендігі, егемендікке, бостандыққа ұмтылатыны ашық айтылған. Сол себептен де ақынның кітаптары жарық көрген баспаның иелеріне он екі мың айып салынып, біраз адамдар жауапқа тартылады. Ал таратылмаған кітаптардың даналары тәркіленіп, авторды жауапқа тарту жөнінде шешім қабылданады. Мұны естіген ақын ел ішіне сіңіп кетіп, біраз уақыт бой тасалап қапаланады.

Осы орайда ғалым С. Дәуітов ақынның кітаптарын мұқият оқып шыққан оқырман автордың Ресейдің сол замандағы саясатымен, хал жағдаймен жақсы таныс екендігін көре алады деген пікірді алға тартады. Сондай-ақ 1905 жылғы халық көтерілісінің әсерін, қожа-молдалардың келеңсіз әрекеттерін сынағаны, Ресейге қосылудың жақсы және жаман жақтарын тізіп бергеніне бар дейді. Осы үш кітабының құндылығы қазақ халқының сол кездегі тұрмыс-тіршілігін, бастарынан өткен түрлі ауыртпалықтарын, психологияларын суреттеуінде жатыр (С. Дәуітов, 1990).

Толықтыра өтетін болсақ, Мәшһүр Жүсіптің «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» еңбектерінің мазмұны бір біріне ұқсайды, яғни көтерілген мәселе, қамтылған өлеңдері мазмұндас келеді. «Ғибратнама» өлеңі «Хал ахуал» кітабына ғана енген. Бұл пікірді мәшһүртанушы ғалымдар да алға тартады.

Бірақ ақынның осы еңбектері патша үкіметінің қарамағына ілініп, цензурадан өтпей тыйым салынады. Кітапты шығарған татар елінің азаматтары Хұсайыновтардың баспаханасына айып салынады. Мәшһүр Жүсіп саяси қудалануға ілінеді.

Осы тұстан кітап басу ісінің әдеби байланысқа қатысын алғашқы қазақ кітаптарының татар, башқұрт, өзбек жеріндегі баспаханаларда жарық көруі түркі ұлыстарының өзара рухани алмасу жасауына септігін тигізді деп қарастыра аламыз.

Өз жерімізде баспахана болмауы себепті басылымдармен қатар, кітап бастыру істері де елден тыс жерлерде, бірақ Ресей аймағындағы қалаларда жарық көрді. Тек 1912 жылы ғана Семейде «Жәрдем» («Ярдем сериктиш») баспаханасы ашылды. Оны құрушы әрі ұйымдастырушылар – татардың көпес саудагерлері ағайынды Нигматуллиндер еді. Баспахана 1918 жылға дейін жұмыс істеп, бірнеше қазақ кітаптары шықты.

Қазан, Орынбор, Үфі қалаларында кітап бастыру ісі Ш.Хұсайынов, ағайынды Каримовтар, М.В.Чиркова, Б.Л.Домбровский, И.Н.Харитонов және т.б. басылымдар орталықтары іске қосылғаннан бастап ерекше дамыды. Олардың ішінде аса қуатты Хұсайынов пен ағайынды Каримовтар баспаханалары қазақ тіліндегі кітаптарды ең көп шығарушылар ретінде саналды. Төл басылымдарымыздың енді бірқатары Үфі, Астрахан, Орал, Троицк қалаларында шықты.

Қазақ жерінде басылған шығармалар саны өте аз болды. Жоғарыда келтіргеніміздей, Семейде «Жәрдем» баспаханасы ашылып, тек 1913 жылы ғана өнім бере бастады. Осы жылы 13 кітап шығып, оның 11-і орыс тілінде, ал 2-і қазақша болды.

Әлбетте, қазақ кітап басу ісінің тууы мен қалыптасуында Орал Жайық бойын мекендеуші ұлт өкілдерінің, басым тұрғыда татар және орыс баспагерлері мен мамандарының атқарған рөлі өте зор. Қазақ кітаптарының басым бөлігі Қазан, Үфі, Орынбор, Троицк қалаларында басылып шықты. Бұған әрине, татарлардың түркі халықтарының ішінде ең сауаттысы әрі барынша діндарлығы басты себеп бола тұра, өкімет орталығына жақын орналасуы да игі әсерін тигізбей қоймайды.

Жалпы зерттеу аясына алынып отырған XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында маңызды оқиғалар болған еді. Көрші Ресей елінде революциялардың көбейіп, халықтың басынан қиын кезеңдер өтіп, сыналған заман еді. Сол әлеуметтік өзгерістер мен жаңалықтар, белең алған үлкен оқиғалардың лебі қазақ даласына да келіп жатты. Тарихта болған әрбір оқиғаның әдебиетте көрініс табатыны іспетті бұл оқиғалар да әдебиетке өз әсерін тигізбей қоймады. Бұл дәуір әдебиетін тарихи оқиғалардан бөлек қарай алмайтынымыздың да себебі осындай жатыр.

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ даласында тек экономика мен шаруашылықтың дамуымен ғана емес, сонымен қатар әдебиеттің, мәдениеттің дамып, қарқын ала бастауымен де тарихтан белгілі. Халықтың сана сезімі оянып, сауаты ашылып, дүниеге басқа көзқараспен қарай бастады. Оқу, білімге деген сұраныс арта бастады. Қазақ даласында мектептер ашыла бастады. Алғашқы кезде қазақ жерінде азын аулақ он шақты мектептер болса, XX ғасырдың басында мектептер саны бес жүзге жетті.

Қазақ даласында оқу ағарту жұмысы алғашқы кезде тек мұсылманша оқумен шектелді. Кейін орысша оқу белең ала бастады. Қазан төңкерісіне дейін осы екі бағытта жүзеге асты. Яғни діни мұсылманша оқу қазақтарда бұрыннан бар еді. Ол кезде бір немесе бірнеше ауыл болып бірігіп, молда жалдайтын. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бастапқы жағында жаңа яғни төте оқу ұсули жәдит оқуының шығуына байланысты ескіше оқу Бұқара, Қазан қалаларындағы мұсылманша оқудың үлгісі бойынша жүргізілді.

Бұл тұста қазақ жерінде баспасөз ісі де қарқын ала бастады. XIX ғасырда қазақ тілінде «Дала уалаятының газеті» ғана болса, өткен ғасырдың бастапқы кезеңінде қазақ тілінде алты газет журнал шықты. Қазақ тілінде XIX ғасырдың басында жүз кітап шықса, XX ғасырдың бастапқы кезінде бұл үш жүзге жетті. Десек те бұл нақты дерек емес, себебі ақталып жатқан талай арыстарымыздың еңбектері бұл тізімге енбеген еді. Басылып шыққан кітаптардың тақырыбының дені сол замандағы күнделікті тақырыптар, қазақ даласында орын алып жатқан жақсы, жаман оқиғалар өлең жинақтары, дастандар, поэмалар, әңгімелер, романдар жанрында жазылып жатты.

Сонымен қатар татар әдебиетінің баспасөзі дами бастаған еді. Мысалы, бірінші орыс революциясына дейін яғни 1905-1907 жылдары отыз үш газет, журнал шықса, ал Қазан төңкерісінен кейін жиырма бес газет, жиырма үш журнал шығып тұрған. Ал осы баспасөздер құрылымына қарай әртүрлі бағытты ұстанды. Осы дәуірдегі басылымдарды татар ғалымы М.Х.Фаткуллин демократиялық, либералдық және буржуаздық-либералдық деп бөліп қарастырған. Демократиялық басылымдарға «Азат», «Азат халық», «Фикер», «Эдь-ислах», ал екінші топқа «Казан мохбрие», «Иолдыз», «Вакит», «Идель» басылымдары, «Шура» журналы, үшінші топқа «Нур», «Иль», «Суз» газеттері, «Дин вә магишат және басқалары» журналы кірді (Сүтжанов, 2019).

Профессор С.Н.Сүтжанов бұл жіктеуді баспасөз материалдарының сыртқы пішініне, тақырыбына қарап жіктеу деп қарастырады. Өйткені бұл басылымдардың бәрінің мақсаты бір, ол өз ұлтына қызмет ету, өркениетке жетелеу, елдің болашағына алаңдау, елді білім мен ғылымға шақыру болып табылады.

Өткен ғасырдың бастапқы кезеңінде орын алған түрлі саяси, әлеуметтік жағдайлар және солардан болған тарихи оқиғалар атап айтқанда ағартушы-демократиялық және төңкерісшіл күштердің әсері саяси басылымдардың тақырыбына, бағытына өз әсерін тигізді. Басылымдарға үкімет органдарының тарапынан түрлі қысымдар болғанына қарамастан, газет-журналдар саяси әлеуметтік тақырыптарды басты назарға алып жұмыс істей бастады.

Көптеген авторлардың ақындардың, жазушылардың ұстанымы ағартушылық бағытқа жақын болды. Ал азаттық, бостандық мәселесі ағартушылық мәселені дамытумен бірге қарастырылды. Мысалы, Ғабдолла Тоқайдың жоғарыда аты аталған «Фикер» газетінде жарияланған «Азаттық туралы», «Достарға бір сөз», «Бірлік туралы» туындыларында ағартушылық идеясы, азаттыққа ұмтылған көрқарастар анық байқалады.

Дәлірек айтқанда, сол тұстағы «ағартушылық», «оқу білім» деген ұғымдар әлдеқайда кең мағынаға ие болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ қоғамы үшін осындай үлкенді кішілі оқиғалар мен өзгерістерге толы кезеңде дүниеге келген халқымыздың біртуар азаматтарының бірі болды. Қазақтың алғашқы публицистерінің бірі ретінде ол капитализм талқысына түсіп, жұтаған, отаршылдықтың езгісінде қалып, тапталған халқының құқығын көбірек айтады. Ақынның баспасөздегі мақалаларында публицистикалық сарын басым, себебі автор заманның тағдыры мен тарихына, болашағына қатысты толғақты мәселелерді қамтыды, ойларын еш бүкпестен, жасырмастан тура айтып отырды. «Дала уалаяты» газетінің белсенді авторларының бірі болған ол өзінің мақалаларында ел тұрмысына қатысты өзекті мәселелерді қозғады. Халқына еңбек етуді, шаруашылықты дұрыс қолдана білуді, еңбекті оқу-біліммен, ғылыммен ұштастыра білумен ақыл-кеңес берген Мәшһүр Жүсіптің ойынша, адамзатты оқу-білім мен адал еңбек қана биік мұраттарға жетелеп, дамытады.

Бірақ ақынның өз қатарластарынан бір өзгешілігі бұл идеяны дінмен байланыстырып насихаттауында.

Мәшһүр Жүсіп – бірнеше жанрда қалам шерткен ғұлама. Ақын шығармашылығында проза, поэзия, төрттағандар, трактаттар да бар. Ал публицистикалық шығармалары екі жанрда, нақтырақ айтсақ мақалалар мен қара сөзбен жазылған публицистикалық еңбектері. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабының алғашқы тарауы қара сөзбен жазылған.

Еңбекте публицистикалық сарында жазылғанымен тарихи тұрғыдан да жазылған. Тарихтан, этнографиядан көп мәлімет береді. Бұл екі сала бірін-бірі толықтырып, еңбекте берілген мәліметтер мағыналық тұрғыдан үндесіп, тарихи публицистикалық очерк түрінде жазылған. Бұл шығармасында ол дәуірдің басты мәселесіне айналған қоғамдық мәселелер қозғалған.

Ақынның жазу стилі де басқалардан өзгеше. Тарихтан хабары мол екенін оқиғаларды жай ғана хабарлап қоймай, тарихи нақты деректермен, философиялық оймен баяндайды. Шығарма бай әдеби тілмен, шешендік тілмен жазылғандықтан оқырмандарына түсінікті.

Шығарманы оқу барысында баяндау тәсілімен жазылғанын көреміз. Сөз болып отырған мәселесі Сарыарқа даласы, қазақ халқы. Әңгіме Дешті Қыпшақ жерін суреттеуден басталып, қазақ халқының талай жылдар бойы жүргізген соғыстарына жалғасады. Жоңғарлармен, қалмақтармен болған шайқасын баяндайды. Одан әрі қарай жер-су аттарының шығу төркіні туралы айтылады. Бұрынғы заманда болған оқиғаларды өз топшылауларымен түйіндеп жазған. Шығарманың өн бойында қазақ халқының жат жұрттық басқыншыларға қарсы азаттық күресі туралы ойы байқалады. Қай публицистикалық мақаласын алсақ та осы идеясын көреміз.

Қазақ халқының әлеуметтік жағдайын Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында жақсы көрсете алды. Осыған дәлелдердің бірі – «Айқап» журналында жарық көрген «Туысқан бауырларыма бір насихат» атты мақаласы. Мәшһүр Жүсіп 1907-1912 жылдары айдауда болған жылдары Қазанда татар діни оқу жайын зерттейді. Осы оқудың қазақ балаларына тигізген әсерін түсіне отырып, мақаласында осының мәнін ашып беруге тырысады. Татар молдаларының қазақ ұлтына жасаған ықпалы сөз болады. «Айқап» журналының 7-8 сандарында жарияланған. Сонымен қатар Ресейден, Қазан төңірегінен қашқан татар молдаларының қазақ жерін паналап, жұртты алдап мал жинағаны айтылады. Осы еңбегінен ақынның қоғам өмірінде болып жатқан мәселелерді дұрыс түсіне бастағанын байқаймыз.

Бұл жерде екі халықтың арасындағы әдеби байланыстан гөрі, қоғамда орын алған әлеуметтік мәселелердің ұқсастығын көре аламыз.

Бұдан басқа осы тақырыпқа ұқсас «Жақсы молда» атты мақаласы бар. Бұл мақаласы «Дала уалаяты» газетінің 1890 жылғы 14 санында жарық көрген. Мұнда да молдалар мәселесі сөз болады. Сонымен қатар автор қазақтың ел билеу тәсілін де басты мәселе ретінде қарастырады. Яғни ақынның айтқысы келген негізгі ойы – адамның жақсы не жаман болуы елді басқарып отырған бастықтарға, ұлыстарға байланысты.

Ақын өзінің ағартушылық идеясын дінмен байланыстырады. Шығармаларының көбі негізінен діни ағартушылық бағытта жазылған. Халқын ұйқыдан оятып, қоғамда орын алып жатқан оқиғаларды баяндау мақсатында діни сауаттылық туралы сөз етеді.

Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық бағыттағы ақын екендігі шығармаларының мазмұнынан-ақ байқалады. Ол өзінің ағартушылық идеясын дінмен ұштастырады. Тіпті өзінің өмірбаяны жазылған өлеңдерінен де көреміз. Мысал ретінде «Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы» өлеңінде:

Үйреніп бала жастан білдім тілді,
Сабадым шар кітапты мен жатқа енді.
Үш жастан соң орнығын көре алмадым,
Туған жер мен ағайын, бауыр елді.

Кеудеге он бес жаста ғылым толды,
Толумен тасып кетіп өлең қонды.
Әш-шәһрият апатқа татбиқ келіп,
Апат сол жұрт аузында Мәшһүр болды.

Бес жаста бисмилла айтып, жаздым хатты,
Бұл дүние тастай маған келді қатты.
Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты (Мәшһүр Жүсіп Көпеев, 2004).

Ақындық өнерін қашан қонғандығын жырлай отырып, ғылымнан да хабары ерте болғанын айтады.

«Қара өлең», «Адам екі түрлі», «Жалқаулар туралы айтқаны», «Жеткізер құдай, пенде қылса талап», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол» өлеңдері осы ағартушылық бағытта жазған туындыларының қатарына жатады. Публицистикалық еңбектерінің тақырыптарын жоғарыда айтып өттік.

Мәшһүр Жүсіп – діни-ағартушы ақын. Шығармаларының өн бойынан діни танымды байқай аламыз. Діни таным ақынның әрбір азатшылдық, тәуелсіздік ұғымдарына тірек қызметін атқарады. Күрес жолында да, «ұйқыдан ояну» жолында да әрбір күресті, бірлікті діни таныммен, Аллаға деген сүйіспеншілікпен байланыстырып

отырады. Яғни діни-ағартушылық идеясы мен азатшылдық идеясы бір бірімен тығыз байланысты. Бүкіл шығармашылығының өн бойынан желі боп тарап отырады. Мысалы «Адам екі түрлі» өлеңінде:

Ораза, намаз пенденің міндетті ісі,
Құтылар қарызынан қылған кісі.
Жалғанда артық сауап қайыр екен,
Қылуға қайыр, ықсан жетсе күші! (Мәшһүр Жүсіп Көпеев, 2003).

Діни сауаты бар адамның көзі ашық, көкірегі ояу, сауап алатын мүмкіндігі жоғары екенін дәріптейді. Бұл өлеңінің мазмұнында адамның бойынан табылатын жақсы, жаман мінездерді тізіп жақсылық, қайырымдылық жасау, қайырсыз, зарарлы болудың неге әкеліп соқтыратыны баяндалады. Әр нәрсенің өзіне лайық бағамы, теңі бар деген қағиданы алған тартып иманның он шартын атап өтеді. Түйінінде қайырымдылық жасаудан асқан жақсылық деген түйеді. Осылайша мұсылман қауымға діни сауаттылықтың пайдасы мен маңызын түсіндіріп өтеді.

Татар әдебиетінде газет журналдар бетінде жарық көрген еңбектері ағартушылық бағытта болса, қазақ әдебиетінде әсіресе біздің жұмысымызға арқау болып отырған Мәшһүр Жүсіптің мақалалары діни-ағартушылық бағытта жазылды. Бұған ақынның жастайынан алған діни сауатын, Бұқара, Самарқанд қалаларына барған сапарлары себеп болды дей аламыз. Бұл түркі халықтарының ХХ ғасыр басында орын алған әлеуметтік мәселелерді дұрыс қабылдап, халқын оқу білімге шақыруларын әдебиеттегі тақырып ұқсастығы жағынан қарастыра аламыз. Мәшһүр Жүсіптен басқа Абай, Шәкәрім, Сұлтанмахмұттардың ағартушылық бағыттары жазған еңбектерімен татар халқының арасында әдеби байланыстың тығыз дамығанын көре аламыз.

Қорытынды

Түйіндей айтқанда, ХХ ғасыр басындағы қазақ, татар басылымдарындағы бағыт-бағдарын айқындау арқылы газет-журналдардың көтерген негізгі мәселелерін, олардың ауқымы мен маңызын және қоғамдық сананың қалыптасуына тигізген әсері қарастырылды. Жүргізген талдаулар бойынша екі ұлттың тарихы мен тағдырында ғана емес, мақсат-мүдделерінде, әдебиет пен мәдениеттерінде бірлік, тұтастық байқалады деп тұжырымдай аламыз. Күллі түркі халқын оятқан тілге, дінге деген сүйіспеншілік алдымен татар оқығандарынан, ағартушыларынан бастау алса, кейін ол қазақ әдебиетінде де Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт бастаған ұлт зиялыларын бастау алып, сонау «Алаш» әдебиетінде жалғасын тапты. Осы тұрғыла жазылған пікірлер ұлттардың ұлы мұраттарымен үндестік тауып жатты.

Сондықтан баспасөздің бағыт-бағдары арқылы сол кездегі қоғамдық дамуға сәйкес тұжырымдамалар мен пікірлер елдің болашағына арнайы жазылды десек те болады. Ал басылымдардың мазмұны мен тақырыбы келетін болсақ, әр ұлттың өзіне тән ерекшелігін көруге болады. Мақаланың көлеміне байланысты қазақ баспасөзінің көтерген кейбір мәселелері бұл жұмысымызда айтылмады. Мәселен, әйел теңсіздігі, отырықшылық мәселелері. Ал татар әдебиетінде оқу ағарту, баспасөз істері жөніндегі хат-хабарлар, тарихта орын алып жатқан оқиғалар, әдебиеттануға қатысты мақалалар татар әдебиетінің ілгері озғанын аңғартады. Десек те тақырып жағынан, жанр жағынан екі ұлттың әдебиетінің арасындағы ұқсас дамулар мен өзгерістерді байқадық.

Ал Мәшһүр Жүсіп Көпеев – өзі өмір сүрген екі ғасырдың тоғысында есімі Абай, Шәкәріммен иық теңестіріп айтылатын қазақтың ірі тұлғасы. Әдебиетті жанр, тақырып, стиль тұрғысынан да байытуға өзіндік үлесін қосқан ақын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Жирмунский В.М. (1979), Сравнительное литературоведение. Восток-Запад. – Лен.: Наука; 1979. – 494 с.
- Конрад Н.И. (1972), Запад и Восток. – Москва, 1972. – 518 с.
- Сүтжанов С.Н. (2013), Қазақ түркі әдеби байланыстары. Монография. – Павлодар: ПМПИ, 2013. – 222 б.
- Дәуітов С. (1990), Алғы сөз / М.Ж.Көпеев. Таңдамалы. I-том. – А., 1990.
- Көпейұлы М.Ж. (2004). Шығармалары. 4 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 б.
- Көпейұлы М.Ж. (2003). Шығармалары. 1 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 436 б.

